

ЖҰМЫС

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың жұмыспен қамтылу құрылымы бойынша жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелерімен таныстырады.

Көптеген адамдар үшін жұмыс – бұл негізгі табыс көзі, сонымен қатар даму әдісі және эмоционалды қанағаттану. Жұмыспен қамту мәселесі қазақстандықтарды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Олардың қаншасының жұмысы бар, олар қай салада жұмыс істейді, мамандығы бойынша немесе олай емес – бұл сұрақтар республикалық қоғамдық сауалнама барысында қойылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша **барлық ересек тұрғындар арасында жұмыс істейтін респонденттердің үлесі 54,0% құрайды**. Респонденттердің тағы 10%-ның жұмысы жоқ, олардың 2,7%-ы белсенді түрде жұмыс іздейді.

Әрбір төртінші қазақстандық жеке салада жұмыс істейді, ал олардың 3,5% – жеке кәсіпкерлік немесе кәсіп иелері, ал 22,2% – жалдамалы жұмысшылар.

Жұмысшылардың келесі негізгі санаты – бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері (19,2%).

Біздің қоғамда жұмыс істейтін зейнеткерлердің (1,6%) және студенттердің (1,2%) үлесі шамалы.



1-сурет. Сіз қазіргі уақытта немен айналысасыз?


Көбінесе қазақстандықтар медицина, білім және мәдениет саласында жұмыс істейді. Бұл салаларды респонденттердің 23,5% өз жауаптарында таңдаған. Жұмыс істейтін әрбір бесінші қазақстандық сауда саласында жұмыс істейді. Басқа салалардың әрқайсысындағы қазақстандықтардың үлесі 10%-дан аспайды. Бұлардың ішіндегі ең басымы қызмет көрсету саласы - респонденттердің 9,2%-ы жұмыс істейді. Ал, мысалы, үйде күтуші ретінде, жеке аспазшылар және т.б. респонденттердің 2%-ы, әдетте, жас және, керісінше, зейнет жасындағы жұмыспен қамтылған.



2-сурет. Сіз қай салада жұмыс істейсіз?


Барлық респонденттердің жартысынан астамы жұмыс орнында 5 жылдан аз жұмыс істейді.

Барлық респонденттердің ішінде ең үлкен үлес (27,9%) – бір жерде 3 жылдан 5 жылға дейін жұмыс жасағандар. Шамамен әрбір төртінші респондент 5 жылдан 10 жылға дейін тұрақты жұмыс орнында жұмыс істейді. **Респонденттердің 20%-дан азы жұмыс орнында тұрақты 10 жылдан астам жұмыс істейтіндер.**



3-сурет. Сіз қазіргі жұмысыңызда қанша жыл жұмыс жасадыңыз?

Барлық респонденттердің жартысынан астамы мамандығы бойынша жұмыс істемейді (52,1%). Ал респонденттердің 4%-ы екі жұмысты біріктіреді – мамандығы бойынша, ал екіншісі – мамандығы бойынша емес.



4-сурет. Сіз өз мамандығыңыз/кәсібіңіз/біліміңіз бойынша жұмыс істейсіз бе?

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – мамыр 2019 ж.